



2017 ж. « 6 » қазан

№ 7

**Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан  
Республикасы Кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының  
кейбір мәселелері туралы**

Сот практикасын қорыту нәтижелерінің негізінде, Соттардың Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің Ерекше бөлігінің нормаларын қолдануының біркелкі практикасын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде соттарда туындайтын мәселелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруді қаулы етеді.

1. Соттарға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексі (бұдан әрі – ӘҚТК) 64-бабының бірінші бөлігіне сәйкес ӘҚТК-нің 73-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер осы бапқа Ескертпеде көрсетілген жәбірленуші адамдардың арызы бойынша ғана қозғалатындығы түсіндірілсін. Құқық бұзушының осы бапта аталған әрекеттердің кез келгенін жеке тұрғын үйде (ауланы немесе үй жанындағы учаскені қоса алғанда), пәтерде немесе басқа да тұрғынжайда жасауы құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастағы адамдарды сыйламаушылық және олардың тыныштығын бұзу болып саналады. Осы бапқа Ескертпеде аталған белгілерге (мысалы, құқық бұзушыға алыс туыстары немесе жекжаттары болып келетін, яғни зайыбы жағынан жақын, бірақ құқық бұзушыдан бөлек тұратын туыстары) сәйкес келмейтін адамдарға қатысты жасалған, осы баптың диспозициясында сипатталған іс-әрекеттер ӘҚТК-нің және Қазақстан Республикасы Қымыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) адамға қарсы құқық бұзушылықтар үшін жауаптылықты көздейтін баптарына сәйкес сараланғаны жөн. Осы бапта көрсетілген үй-жайлардан тыс (мысалы, көп қабатты тұрғын үйлердің кіреберістеріндегі баспалдақ алаңдарында) болған кез келген адамдардың тыныштығын бұзатын, оларға сыйламаушылық білдіретін нақ сол әрекеттер ӘҚТК-нің 73-бабы бойынша жауаптылықты тудырмайды.

2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің ережелеріне сай кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту, мысалы, баланы тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы мінез-құлық қағидаларына үйрету, қоғамның моральдық және адамгершілік қағидаттарымен таныстыру жүктелген ата-аналардың немесе кәмелетке толмағандардың басқа да заңды өкілдерінің ӘҚТК-нің 127-бабы бойынша

жауаптылығы олар осы міндетті бұзған кезде басталады. Сол адамдардың «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 49-бабынан туындайтын міндеттерді бұзғаны үшін, мысалы, мектепалды даярлықты қамтамасыз етпегені немесе дәлелсіз себептермен оқу сабақтарына жүйелі түрде қатыспағаны үшін жауаптылық ӘҚтК-нің 409-бабының екінші бөлігі бойынша белгіленеді.

3. ӘҚтК-нің кейбір баптары алдыңғы бөлімдерде көрсетілген құқыққа қарсы әрекеттерді жасағаны үшін жауаптылықты күшейтетін бөлімдерді қамтиды: ұлғайтылған айыппұл мөлшері, қосымша жаза. Бұл ретте қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру не оған тыйым салу секілді қосымша жазалар, сол сияқты тиісті қызмет түріне арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе одан айыру осындай қызметті жүзеге асыруға тиісті рұқсаты бар адамдарға қолданылуы тиіс. Арнайы рұқсатты талап ететін кәсіпкерлік субъектілердің қызметкерлері, егер ӘҚтК-нің Ерекше бөлігінде көзделген іс-әрекетті заңды тұлғаны басқару функциясын жүзеге асыратын орган, адам немесе ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын дара кәсіпкердің және заңды тұлғаның қызметкері санкцияламаған, мақұлдамаған, жасамаған жағдайларда ғана, осындай құқық бұзушылық субъектілері болуы мүмкін. Бұл ретте қызметкердің еңбек міндеттерін орындау кезінде жасаған кез келген мәмілелер мен деликтерінің жұмыс берушіге қатысты азаматтық-құқықтық салдарын ескере отырып, басқа жағдайлар дәлелденгенге дейін мұндай мақұлдауды, санкциялауды еңбек қатынастарының болуы негізінде (оның ішінде еңбек қатынастары тиісті түрде ресімделмеген жағдайда - еңбек міндеттерін орындауға рұқсат ету фактісі бойынша) анықталған деп есептеу қажет.

Соттар ӘҚтК-нің 133-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараған кезде ӘҚтК-нің 33-бабының төртінші бөлігін басшылыққа алуы қажет, оған сәйкес дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту дара кәсіпкердің және заңды тұлғаның қызметкерін осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтан босатады. Осы құқық бұзушылықты дара кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметкері-жеке тұлға жасаған кезде әкімшілік жауаптылыққа кәсіпкерлік қызмет субъектісі – мұндай сатушының жұмыс берушісі жатады, оған осы баптың екінші бөлігінің санкциясында көзделген қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру түріндегі әкімшілік жаза қолданылуы мүмкін.

Санкциясы қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұруды не оған тыйым салуды, сол сияқты тиісті қызмет түріне арналған лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды немесе одан айыруды көздейтін ӘҚтК-нің Ерекше бөлігінің баптары бойынша кәсіпкерлік субъектісінің қызметкерлері еңбек міндеттерін орындау кезінде жұмыс орнында жасайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге жаза тағайындау мәселесі осындай тәртіппен шешілуге жатады.

Өз қызметін еңбек міндеттемелерін орындаумен байланысты емес, тек өз

атынан ғана жүзеге асыратын жеке тұлғалар аталған құқық бұзушылықтарды жасаған кезде жауаптылыққа өз бетінше тартылуға тиіс. «Соттардың Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Жалпы бөлігінің нормаларын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес осы жеке тұлғаларға қосымша жаза қолдану міндетті. Мұндай қызметті жүзеге асыру үшін лицензияның болуы талап етілетін жағдайларда, аталған жеке тұлғалар ӘҚтК-нің 463-бабының бірінші бөлігі бойынша қосымша жауаптылыққа тартылуға жатады.

4. Қадағалау және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының дара кәсіпкерлердің, заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметіне кедергі келтіретін заңсыз актілер шығару және заңсыз тапсырмалар беру арқылы заңсыз араласуы ӘҚтК-нің 173-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

Соттардың ӘҚтК-нің 173-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараған кезде көрсетілген кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты істер бойынша қаулылардың күшін жоюы, оларды заңсыз әкімшілік жауаптылыққа тартылғанын куәландыратынын және заңда көзделген салдарларға әкеп соғуы мүмкін екенін ескергені жөн. Алайда күші жойылған қаулыларды шығарған органдардың (лауазымды адамдардың) әрекеттерінде ӘҚтК-нің 173-бабында көзделген құқық бұзушылық белгілерінің бар болуы үшін бір ғана қаулылардың күшін жою жеткіліксіз. Кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласудың дәлелдемелері болмаған кезде лауазымды адамға өзінің лауазымдық міндеттерін орындағаны кінә болып саналуы мүмкін емес.

Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заңсыз араласуы билікті асыра пайдаланудан не лауазымдық өкілеттігін теріс пайдаланудан көрінуі мүмкін. Заңсыз араласу кейіннен белгіленген тәртіппен заңсыз деп танылған актінің шығарылуына, тапсырманың берілуіне не басқа да әрекеттің жасалуына негізделеді.

5. ӘҚтК-нің кейбір баптарында ірі залал келтіруге әкеп соқпаған салдарлардың орын алуы әкімшілік жауаптылықтың шарты ретінде қамтылған. Мұндай жағдайларда залал мөлшерін анықтау ҚК-де қамтылған, өйткені ӘҚтК-нің 25-бабының екінші бөлігіне сәйкес ӘҚтК-нің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылық, егер осы құқық бұзушылықтар өзінің сипатымен заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкелмеген жағдайда басталады. Демек, бұрмаланған қаржылық есептілік жүргізу, бухгалтерлік есепте көрсетілуге тиіс деректерді жасырып қалу, сол сияқты ірі залал келтірмеген бухгалтерлік құжаттаманы жою түрінде жасалған, жеке және лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында көзделген міндеттерді орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауы ӘҚтК-нің 238-бабының бірінші бөлігінің 2) тармақшасы

бойынша әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Ірі залал мөлшері ҚК-нің 3-бабының 38) тармақшасында көрсетілген.

6. ӘҚТК-нің 274-бабының бірінші бөлігіне сәйкес мемлекеттік лауазымды атқаратын адамның, мемлекеттік қызметтен теріс себептермен босатылған адамның, сол сияқты аталған адамдардың жұбайының (зайыбының) салық салу объектілері болып табылатын табыстары мен мүлкі туралы декларацияларды және мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерде қасақана ұсынбауы немесе толық, анық ұсынбауы әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 404-бабы 3-тармағының ережелерін ескере отырып, меншік иелерінің бірінің ғана бірлескен ортақ меншіктегі мүлік туралы мәліметтерді ұсынуы басқа меншік иелері үшін осы құқық бұзушылық құрамын құрмайды.

7. ӘҚТК-нің 281-бабының бесінші бөлігінің санкциясында әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың тікелей құралдары және (немесе) құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған кірістер болып табылатын мұнай өнімдерін тәркілеу түріндегі қосымша әкімшілік жаза көзделген. Мұндай қосымша жаза қолдану міндетті болып табылады. Санкцияда құқық бұзу салдарынан алынған кірістерді тәркілеу мүмкіндігінің тікелей көзделгенін ескере отырып, мұнай өнімдерін тәркілеу мүмкін болмаған жағдайда оларды сатудан алынған кірістерді іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу барысында уәкілетті орган белгілеген мөлшерде тәркілеп алу қажет.

8. МЕМСТ-ке сәйкес келмейтін, құрамында қолдан жасалған спирті бар сусындардың айналымы және оларды пластикалық не қаңылтыр ыдыста немесе этикеткасыз, сол сияқты ілеспе құжаттарсыз өткізу ӘҚТК-нің 282-бабы үшінші бөлігі бойынша жауаптылыққа әкеп соқпайды.

«Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі № 429-І Заңының 5-бабында алкоголь өнімі түрлерінің түпкілікті тізбесі белгіленген. Осы баптан басқа да күшті алкоголь және әлсіз алкоголь сусындары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 201-ІІІ Қазақстан Республикасы Заңымен алып тасталған. Кәсіпкерлік субъектілері ретінде тіркелмеген адамдардың мұндай өнімді сатуы, лицензиясыз кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысқаны үшін ӘҚТК-нің 463-бабының бірінші бөлігінде көзделген құқық бұзушылық құрамын құрайды.

9. Кәсіпкерлік субъектісі лицензияланған қызметін жалғастырудан өз еркімен бас тартқан немесе кәсіпкерлік қызметі толық тоқтатылған кезде оның лицензиясының және (немесе) лицензияға қосымшасының қолданысы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 202-V Заңының (бұдан әрі - Рұқсаттар және хабарламалар туралы) 35-бабы 1-тармағының 4) және 5) тармақшаларына

сәйкес тоқтатылады. Мұндай жағдайларда лицензиат Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңның 35-бабының 2-тармағына сәйкес, лицензия электрондық нысанда ғана ресімделген жағдайларды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны он жұмыс күні ішінде лицензиарға қайтаруға міндетті. Олай болмаған жағдайда кәсіпкерлік қызметінің тоқтатылуы заңда белгіленген тәртіппен тіркелгенге дейін лицензиат лицензияланған қызметін жалғастыруда немесе жалғастыру ниеті бар деп санаған жөн, осыған байланысты мұндай әрекет ӘҚТК-нің 467-бабында көзделген құқық бұзушылық құрамын құрамайды және оған Салық кодексінде белгіленген мерзімдерде және мөлшерде жыл сайынғы лицензиялық алым төлеу міндеттілігі жүктеледі.

Егер лицензия және (немесе) лицензияға қосымша тапсырылмаса, жыл сайынғы лицензиялық алымды белгіленген мөлшерлерде және мерзімде төлемеу лицензияланған қызметті іс жүзінде жүзеге асырмағанына қарамастан, ӘҚТК-нің 282-бабының сегізінші бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады. Бұл ретте осы құқық бұзушылық құрамы үшін лицензиялық алымның төлену тек мерзімімен және мөлшерімен қатар төлеу орны да маңызды, өйткені бюджеттік заңнамаға сәйкес жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығын беруден алынатын лицензиялық алым - республикалық маңызы бар қала, астана немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерінің салық түсімдеріне жатады.

Салық кодексінде көзделген салық немесе бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер мерзімін өзгерту, мұндай мерзімді бұзуға қатысты бұрындары жасалған құқық бұзушылықтары үшін жауаптылықтан босатпайды.

10. ӘҚТК-нің Жалпы бөлімінің 55-бабының бірінші бөлігіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза ӘҚТК-нің ережелеріне дәл сәйкестікте сол әкімшілік құқық бұзушылық үшін аталған бөлімнің Ерекше бөлігінің бабында көзделген шекте қолданылады. Нақ сол баптың алтыншы бөлігімен бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бір негізгі не негізгі және қосымша әкімшілік жазалар қолданылуы мүмкін. Яғни жаза тағайындаудың жалпы нормаларында бір қосымша жазадан артық жаза қолдану көзделмеген.

ӘҚТК-нің 283-бабының санкциясы құқық бұзушылықтың тікелей нысанасы болып табылған акцизделетін тауарларды тәркілеуді, сондай-ақ тиісті қызмет түріне лицензиядан айыра отырып, айыппұл салуды көздейді. Соттарға ӘҚТК-нің 283-бабы бойынша істерді қараған кезде ӘҚТК-нің Жалпы бөлігі нормаларының ӘҚТК-нің Ерекше бөлігі ережелерінен басым болатынын ескеру және құқық бұзушылық сипатының негізінде және ӘҚТК-нің 40-бабында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізе отырып, нақты қосымша жазаның таңдалуын уәждеу қажет.

11. ӘҚТК-нің 314-бабының санкциясында жүргізіліп жатқан жұмыстарды тоқтата тұру түріндегі қосымша жаза көзделген. Осы жаза шарасы ӘҚТК-нің 48-бабына сәйкес қолданылуы тиіс.

12. Экологиялық рұқсаттың болмауын қоспағанда, табиғат пайдаланушы ӘҚТК-нің 328-бабында көзделген құқық бұзушылықты жасаған жағдайда, егер экологиялық рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарының орындалмауы қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің асып кетуі түрінде ғана болса, оны ӘҚТК-нің 326-бабы бойынша бір мезгілде жауаптылыққа тартуға жол берілмейді. Табиғат пайдаланушыны экологиялық рұқсаттың болмағаны үшін ӘҚТК-нің 328-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартқан жағдайда, сонымен қатар әкімшілік жауаптылыққа ӘҚТК-нің 326-бабы бойынша бір мезгілде тартуға жол берілмейді.

13. ӘҚТК-нің 440-бабының бірінші бөлігінде көзделген қоғамдық орындарға адамның қадір-қасиетін және қоғамдық имандылықты қорлайтын масаң күйде келгені үшін әкімшілік жауаптылық алкогольдік, сонымен қатар есірткілік немесе уытқұмарлық мас болу кезінде басталады.

Сол баптың екінші бөлігінде көзделген жасы он сегізге толмаған адамдардың алкогольдік ішімдіктерді ішкені үшін әкімшілік жауаптылық осындай әрекеттерді қоғамдық орындарда да, кез келген жерде де жасағаны үшін басталады.

Сол баптың үшінші бөлігінде белгіленген бір жылдық мерзімді ӘҚТК-нің 440-бабының бірінші немесе екінші бөлігі бойынша алдыңғы әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы заңды күшіне енген күнінен бастап есептеген жөн. Нақ сол әрекеттерді осы баптың төртінші бөлігі бойынша саралау үшін бұдан бұрын адамның бір жыл ішінде осы бап бойынша әкімшілік жауаптылыққа екі рет тартылуы және екі қаулы бойынша да ӘҚТК-нің 61-бабында белгіленген мерзім өтпеуі тиіс.

14. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі № 310-III Заңының 9-бабына сәйкес ӘҚТК-нің 460-бабында көзделген мерзімнің басталуы тұлғада жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеуге құжаттарды беру үшін қажетті және жеткілікті тіркеу объектісін куәландыратын құжаттар іс жүзінде болған және оларды ол уәкілетті органдардан алған кезде (мысалы, жер учаскесіне сәйкестендіру құжаты) жылжымайтын мүлікке құқықтың туындауына негіз болып табылатын заң фактісі (атап айтқанда, нотариат куәландырған шарт, соттың күшіне енген шешімі, өзге де құқық белгілейтін құжатты алу) басталған сәттен есептеуге жатады.

15. Соттар бюджеттен қаржыландырылатын мекемелерге немесе олардың лауазымды адамдарына қатысты ӘҚТК-нің 462-бабының үшінші бөлігі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараған кезде мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдары), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынуларды, қаулыларды (мысалы, өрт қауіпсіздігіне қатысты немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы заңнама бұзушылықтарын жою туралы) орындау белгілі бір қаржы шығындарын талап ететіндігін және аталған мекемелердің басшыларында қажетті ақшалай қаражаттың бола бермейтінін ескерген жөн. Бюджеттік

бағдарламалар әкімшілерінің қаражат бөлуі қосымша шығыстарды тиісті мәслихаттардың сессиясында бекіту, көрсетілетін қызметтерге мемлекеттік сатып алуды жариялау қажеттігімен ұштасады.

Сондықтан нұсқамалардың заңды талаптарын орындауға өздеріне байланысты барлық шараларды қабылдаған, бірақ оларға тәуелсіз себептермен тұтастай орындалмаған, оның ішінде қажетті қаржыландырудың болмауынан орындалмаған лауазымды адамдарға қатысты іс жүргізу кінәнің жоқтығынан тоқтатылуы мүмкін.

Аталған лауазымды адамдарды ӘҚТК-нің осы бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартқан жағдайда, ӘҚТК-нің 48-бабының бірінші бөлігіне сәйкес қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру түріндегі қосымша жаза лауазымды адамдарға қолданылмайтынын назарға алған жөн.

Сонымен қатар, нақ сол мән-жайлар кезінде заңды тұлғаларға қатысты мұндай істер тоқтатылуға жатпайды, өйткені ӘҚТК 25-бабының бірінші бөлігіне сәйкес ӘҚТК-да әкімшілік жауаптылық көзделген заңды тұлғаның заңға қарсы әрекеті немесе әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады.

16. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 21-бабына орай (Нью-Йорк, 1966 жылғы 16 желтоқсан, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91-III Заңымен ратификацияланған, Қазақстан Республикасы үшін 2006 жылғы 24 сәуірде күшіне енген) бейбіт жиналыстарды өткізуді таныған құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүддесі үшін қажет етілетін, заңға сәйкес салынатын ешқандай шектеулерге жатпайды. Мұндай құқыққа Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі - Конституция) 32-бабымен кепілдік берілген.

Бұл құқықты іске асыру тәртібі және оны шектеу шарттары «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы № 2126 Заңында белгіленген, оның 8-бабында, егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, жоғарыда аталған Заңның 4, 5 және 7-баптарында көзделген оларды өткізу тәртібі бұзылса, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген, қоғамдық тәртіп бұзылған кезде жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы орган өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуы тиіс екендігі көзделген.

ӘҚТК-нің 488-бабының бірінші бөлігінде көзделген ұйымдастырушылар болып табылмайтын, мұндай көпшілік іс-шараға қатысушылардың заңсыз жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, демонстрацияларға не өзге де көпшілік іс-шараға қатысқаны үшін әкімшілік жауаптылығы жергілікті

атқарушы орган өкілінің жоғарыда көрсетілген талаптарын орындамағаннан кейін басталады. Сондықтан соттар ӘҚТК-нің 488-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараған кезде мұндай талаптың іс жүзінде мәлімделгені, оның негізділігі мен заңдылығы, сондай-ақ оны оған қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан көпшілік іс-шараға қатысушының орындамағаны жөніндегі дәлелдемелерді зерттеуі тиіс.

Митингті тоқтату туралы талаппен пропорционал қағидатының бұзылуы жөніндегі дәлелдер, кейіннен азаматтық сот ісін жүргізуде қаралуы мүмкін, бірақ жергілікті атқарушы орган өкілінің мұндай талапты мәлімдеуі сәтінде оның құзіреті даулануға тиіс емес.

Бұқаралық іс-шараны өткізуге рұқсат алғанға дейін оның ұйымдастырушысы, сондай-ақ өзге де тұлғалар бұқаралық ақпарат құралдарында, Интернетте немесе өзге де ақпарат желілерінде оның өтетін күні, орны және уақыты туралы жариялауға, осы мақсатта парақшаларды, плакаттар мен өзге де ұқсас материалдарды дайындауға және таратуға құқылы емес. Осы талапты бұзу оны ұйымдастырушының көпшілік іс-шараны ұйымдастыру тәртібін бұзғаны үшін ӘҚТК-нің 488-бабының үшінші бөлігі бойынша жауаптылығына әкеп соғады.

17. Ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізу үшін үй-жайлардың орналасқан жерін келісу туралы шешімді беру жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тегін болуы үй-жайдың орналасқан жерін келісу туралы келісім-хат нысанында берілетін жергілікті атқарушы органның тиісті шешімінсіз мұндай іс-шараларды өткізгені үшін ӘҚТК-нің 490-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы бойынша жауаптылықтан босатпайды.

18. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының Ресей Федерациясының аумағында және Ресей Федерациясы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағында болу тәртібі туралы келісімнің (2012 жылғы 7 маусым Астана, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 250-V Заңымен ратификацияланған, 2015 жылғы 23 қаңтарда күшіне енген) 1-бабымен Ресей Федерациясының азаматтары Қазақстан Республикасының аумағына кірген күнінен бастап 30 күн ішінде тіркелу міндетінен босатылады. 30 күннен астам уақыт болған жағдайда аталған азаматтар Қазақстан Республикасының құзыретті органдарында тіркелуге міндетті.

Өйткені тіркелу міндеті 30 күндік мерзім өткеннен кейін ғана туындайтынын ескере отырып, бұл міндетті орындау үшін уақыт кезеңі көшіп келушілердің өзге де санаттары үшін белгіленген, яғни күнтізбелік бес күннен кем болмауға тиіс. Сондықтан ӘҚТК-нің 517-бабының бірінші бөлігі бойынша Ресей Федерациясынан көшіп келушінің ол күнтізбелік бес күн өткеннен кейін үш тәулікке дейінгі мерзімде ішкі істер органдарында тіркеуден өтпей Қазақстан Республикасында болған жағдайда, осы уақыт ішінде Қазақстан Республикасының аумағында 30 күн болғаннан кейін тіркеуден өтуге міндетті көшіп келушінің әкімшілік жауаптылығы басталады.



Мұндай тәртіп Қазақстан Республикасымен ұқсас халықаралық келісімдері бар елдерден көшіп келушілерге де қолданылады.

19. Көшіп келушілерді тіркеу үшін ӘҚТК-нің 517-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген күнтізбелік бес күнді есептеу («Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысының 9-тармағы (бұдан әрі – Көшіп келушілердің келуі және болуы қағидалары) «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Құқықтық актілер туралы заң) 14-бабының 2 және 3-тармақтарының ережелерін ескере отырып, көшіп келуші Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткен немесе қабылдаушы адамға келген тәуліктің 00.01 сағатынан басталады.

Осы мерзімге жұмыс күні емес уақыт та енгізіледі, алайда, егер мерзімнің соңғы күні жұмыс күні болмаса, мерзімнің аяқталу күні сол күннен кейінгі таяудағы келесі жұмыс күні болып есептеледі (Құқықтық актілер туралы заңның 14-бабының 3-тармағы). Осындай тәртіп ӘҚТК-нің 517-бабында аталған басқа да «үш тәулік» мерзімі үшін де қолданылады.

20. Көшіп келушілердің келуі мен болуы қағидаларының 17-тармағына сәйкес 45 мемлекеттің азаматтары, егер олардың Қазақстан Республикасында болу мерзімінің ұзақтығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өткен күннен бастап күнтізбелік 30 күннен аспаған болса, Қазақстан Республикасына визасыз кіре және шыға алады. Сонымен қатар олар Қазақстанға виза арқылы да кіре алады. Егер визаның ұзақтығы мерзімі визасыз болудың уақытынан бұрын аяқталған жағдайда, ол адам визасыз болудың қалған уақытын пайдалана алады. Бірақ бұл екі мерзім қатарлас есептеледі және бір біріне қосуға жатпайды.

Мысалы, АҚШ-тың азаматы Қазақстан Республикасының аумағына 2017 жылғы 28 қаңтарда мерзімі 2017 жылғы 30 қаңтарда аяқталатын визамен келген. Көшіп келушілердің келуі мен болуы қағидаларының 17-тармағына сәйкес бұл азамат Қазақстан Республикасының аумағында күнтізбелік 30 күн бойы, яғни 2017 жылғы 28 қаңтар-26 ақпан аралығында визасыз бола алады.

Алайда, егер шетел азаматы 2017 жылғы 1 қаңтарда кірсе, ал виза қолданысының мерзімі 2017 жылғы 2 ақпанда аяқталса, бұл азамат визасыз режимнің қосымша күнтізбелік 30 күнін пайдалана алмайды, себебі бұл мерзім визамен болу мерзімінің ішіне кіреді.

21. ӘҚТК-нің 517-бабының алтыншы бөлігі осы баптың бірінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл

ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер үшін әкімшілік жауаптылықты көздейді. Сонымен қатар ӘҚтК-нің 517-бабының жетінші бөлігі де осы баптың екінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер үшін әкімшілік жауаптылықты көздейді. Осы құқық бұзушылықтар құрамының болуы үшін баптың диспозициясында көрсетілген барлық іс-әрекеттердің бір мезгілдегі жиынтығы міндетті емес.

Бұл ретте қайталап жасау сол адамның ӘҚтК-нің 517-бабының алтыншы немесе жетінші бөліктерінің диспозициясында көрсетілген кез келген әрекеттерді тиісінше жасаған кезде құралады. Жаңадан жасалған іс-әрекет адамның бір жыл ішінде әкімшілік жауаптылыққа тартылған іс-әрекетіне ұқсас болмауы мүмкін. Мысалы, Қазақстанда ішкі істер органдарында тіркелместен осы баптың бірінші бөлігінде көзделген мерзімнен астам болғаны үшін ӘҚтК-нің 517-бабының екінші бөлігі бойынша бұрын әкімшілік жауаптылыққа тартылған көшіп келуші кейін оның тіркеуде көрсетілген мекенжайда тұрмауы анықталған немесе визада көрсетілген не көші-қон карточкасында тіркеу кезінде көрсетілген мерзім аяқталған соң үш тәуліктен асатын кезең ішінде шығудан жалтарған жағдайда осы баптың жетінші бөлігіне сәйкес жауаптылыққа тартылуға жатады.

Егер бұрын жасалған құқық бұзушылық үшін адам заңда белгіленген негіздер бойынша әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босатылған болса, құқық бұзушылық қайталап жасалған деп танылмайды.

22. Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізілетін не өткізілген тауарларды декларацияламау немесе дұрыс кедендік декларацияламау, мұндай іс-әрекеттер кедендік төлемдерді, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемдік баждарды төлеуден босатуға немесе олардың мөлшерін төмендетуге негіз беретін жағдайда ғана ӘҚтК-нің 551-бабының бірінші бөлігі бойынша жауаптылыққа алып келеді.

Декларанттың, кеден өкілінің, уәкілетті экономикалық оператордың кеден декларациясында және кеден мақсаттары үшін қажетті өзге де құжаттарда тауарлар туралы, таңдап алынған кедендік рәсім, тауарлардың кедендік құны не шыққан елі туралы белгіленген нысанда мәлімдемеуі немесе кеден төлемдерін, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы өтемдік баждарды төлеуден немесе олардың мөлшерін төмендетуден босату үшін негіз бермейтін өзге де анық емес мәліметтерді мәлімдеуі, мысалы, декларанттың кеден декларациясында тауардың қате кодын мәлімдеуі оны заңнамада көзделген кедендік төлемдерді, салықтарды төлеуден босатуға немесе олардың мөлшерін төмендетуіне әкеп соқпаса, осы әкімшілік құқық бұзушылық құрамы болмайды.

23. ӘҚтК-нің 610-бабында көлік құралын жүргізген адамның жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудің белгіленген қағидаларын бұзуы салдарынан көлік құралдарына, жүктерге, жолдарға, жол және басқа құрылыстарға немесе өзге де мүлікке зақым, материалдық залал не зардап шегушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірілсе, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік

жауаптылық көзделген. Зардап шегушінің денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруіне әкеп соққан нақ сол әрекет ҚК-нің 345-бабына сәйкес қылмыстық жазаланатын іс-әрекет болып табылады.

Егер көлік құралын басқаратын жүргізуші жоғарыда көрсетілген құқыққа қайшы әрекеттердің салдарынан материалдық залалмен қатар бірнеше зардап шегушінің денсаулығына әр түрлі ауырлық дәрежесі бойынша (жеңіл, ауырлығы орташа, ауыр) зиян келтірсе не қаза түрінде өзге де салдар болса, онда кінәлі адам әкімшілік жауаптылыққа тартылмастан ҚК-нің 345, 346-баптарының тиісті бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартуға тиіс.

Жүргізушінің іс-әрекеттерімен жәбірленушінің денсаулығына жеңіл зиян келтірумен қатар көлік құралдарын немесе өзге мүлікті зақымдау түрінде материалдық залал да келтірілген жағдайда, кінәлі адам ӘҚТК-нің 610-бабының екінші бөлігі бойынша ғана немесе жүргізуші масаң күйде болған кезде ӘҚТК-нің 608-бабының үшінші бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс.

24. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау кезінде көлік құралдарын басқару құқығы сот орындаушысының ұсынуымен тоқтатылған жүргізушілерге қарағанда көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған жүргізушілер, екі субъекті бір мезгілде тікелей аталатын нормаларды (мысалы, ӘҚТК-нің 611-бабының үшінші бөлігінде) қоспағанда, көлік құралдарын басқару құқығы жоқ адамдарға жауаптылық көзделетін құқық бұзушылық субъектісі болып табылмайды.

Тиісті санаттағы көлікті басқару құқығы жоқ жүргізушілердің, екі субъекті бір мезгілде тікелей аталатын нормаларды (мысалы, ӘҚТК-нің 612-бабының екінші бөлігінде) қоспағанда, көлік құралын басқару құқығы жоқ жүргізушілерге теңестірілуі мүмкін емес. Сондықтан көлік құралын алкогольдік масаң күйде басқару жүргізуші куәлігінде осы санаттағы көлік құралдарын басқаруға рұқсаты болмаған кезде ӘҚТК-нің 608-бабының алтыншы бөлігі бойынша емес, жиынтығы бойынша ӘҚТК-нің 608-бабының бірінші бөлігімен және өзге де саралау белгілері болмаған жағдайда ӘҚТК-нің 612-бабының екінші бөлігімен саралануға жатады.

Көлік құралын басқару құқығынан айыру автомобиль жүргізушілерімен қатар тракторлар және өзге де өздігінен жүретін машиналар, трамвайлар, троллейбустар, мотоциклдар және ӘҚТК-нің 590-бабына ескертпеде анықталған тағы басқа механикалық көлік құралдарын басқарушы адамдарға да бірдей қолданылады. Мысалы, жүргізуші куәлігі бар, бірақ трактор жүргізуге құқығы жоқ адам тракторды алкогольдік масаң күйде басқарған кезде көлік құралын басқару құқығы жоқ адам ретінде қаралуы мүмкін емес және алдыңғы абзацта көрсетілген тәртіппен жауаптылыққа тартылуға тиіс.

Егер жүргізуші көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жазаны орындағаннан кейін белгіленген тәртіппен жүргізуші куәлігін қайта алмаған жағдайда, онда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылықты айқындау мақсатында оған біртектес құқық бұзушылықтарды

жасағаны үшін мұндай құқығы жоқ жүргізуші ретінде қарау керек. Егер көлік құралын басқару құқығынан айыру туралы қаулыны орындағаннан кейін жүргізуші заңда белгіленген тәртіппен қайтадан мұндай құқықты иеленсе, онда ӘҚТК-нің 608-бабының бірінші, екінші және үшінші бөліктері бойынша әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде құқық бұзушылық жасағаны үшін ол ӘҚТК-нің 608-бабының төртінші бөлігі бойынша, ал нақ сол бұзушылықты бір жыл өткеннен кейін жасаған жағдайда – бірінші, екінші және үшінші бөліктері бойынша тиісінше жауаптылыққа тартылады.

25. ӘҚТК-нің 611-бабының екінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық құрамы көлік құралын басқаратын адам жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалған кезден бастап аяқталған болып саналады.

Зардап шегушіні шұғыл жағдайда дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету үшін емдеу мекемесіне жеткізу қажеттігіне байланысты жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалу кезінде, бағыттас көлікпен жүзеге асыру мүмкін болмаса жүргізуші ӘҚТК-нің 611-бабына Ескертпеге сәйкес осы бап бойынша жауаптылықтан босатылады. Бұл ретте мұндай жүргізуші, зардап шегушіні емдеу мекемесіне жеткізгеннен кейін оқиға орнына қайтып келмеуін қоспағанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларының (бұдан әрі - Жол жүрісі қағидалары) 2-бөлімі 1-тармағының 8) тармақшасында көзделген жол-көлік оқиғасына байланысты өзге де міндеттерді орындамаған кезде ӘҚТК-нің 611-бабының бірінші бөлігі бойынша да жауаптылықтан босатылады.

Зардап шегушілер болмаған кезде жүргізушілер алдын ала оқиға схемасын жасап және оған қол қоя отырып, болған мән-жайларды бағалауда өзара келісім болған кезде ғана оқиға болған жерден кетіп қала алады (Жол жүрісі қағидаларының 1-бөлімінің 8-тармағы). Бұдан кейін жүргізушілер оқиғаны ресімдеу үшін жақын жердегі ішкі істер органдарының бөлімшесіне келуге міндетті. Көрсетілген міндеттерді орындамаған кезде мұндай жүргізушілер ӘҚТК-нің 611-бабы бірінші бөлігі бойынша жауаптылыққа тартылады.

26. Жол-көлік оқиғасы адамның денсаулығына зиян келтіруге, қайтыс болуына, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің зақымдануына не өзге де материалдық залалға әкеп соқпаған жағдайларда, оқиға болған жерден кетіп қалу да ӘҚТК-нің 611-бабы бойынша жауаптылыққа әкеп соқпайды. Егер жол-көлік оқиғасында жалғыз зардап шегуші құқық бұзушының өзі болып табылса, ол ӘҚТК-нің 610 және 611-баптары бойынша әкімшілік жауаптылыққа жатпайды, бірақ ӘҚТК-нің Ерекше бөлігінің тиісті бабы бойынша Жол жүрісі қағидаларының нақты тармағын бұзғаны үшін көзделетін әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Бұл ретте басқа меншік иелерінің жүргізушімен ортақ мүліктеріне келтірілген зиянды өтеу мәселелері азаматтық іс жүргізу тәртібімен қарауға және шешуге жатады.

Егер жол-көлік оқиғасы кезінде мал мен үй жануарлары шығыны 1.24 «Мал өткізу» туралы ескерту жол белгілері қойылған аумақтардан тыс

жерде орын алған болса, жылдамдық режимін немесе Жол жүрісі қағидаларының басқа да ережелерін бұзу болмаған жағдайда көлік құралын жүргізуші ӘҚТК-нің 610-бабының бірінші бөлігі бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатпайды. Мұндай жағдайларда жол-көлік оқиғасының негізгі себебі мал иесінің жануарларды бақылауға қатысты Жол жүрісі қағидаларының 24-бөлімінің 8-тармағының 1) тармақшасы бойынша өзіне жүктелетін міндеттемелерді орындамағандығы болып табылады.

27. Көлік құралын басқару құқығынан айырылған жүргізуші ӘҚТК-нің 30-тарауында ол үшін де көлік құралын басқару құқығынан айыру көзделген: ӘҚТК-нің 590-бабының төртінші бөлігі, 596-бабының бесінші бөлігі, 606-бабының екінші бөлігі, 607-бабының екінші бөлігі, 610-бабының бірінші және екінші бөліктері, 611-бабының үшінші бөлігі, 613-бабының бірінші, екінші және жетінші бөліктері бойынша құқық бұзушылықты жасаған жағдайда құқық бұзушының әрекеттері ӘҚТК-нің 612-бабының үшінші бөлігі бойынша қосымша саралануға жатады.

Көлік құралын басқару құқығынан айырылған жүргізуші көлік құралын басқарған кезде оның әрекеттері ӘҚТК-нің 612-бабының үшінші бөлігі бойынша сараланады. Мұндай әрекеттер ӘҚТК-нің 669-бабы бойынша қосымша саралануға жатпайды.

28. Адвокаттың кәсіби міндеттерін орындауға қажетті ол сұратқан қажетті құжаттарды, материалдарды немесе мәліметтерді белгіленген мерзімде бермегені не мұндай құжаттарды, материалдарды немесе мәліметтерді толық көлемде бермегені үшін лауазымды адам ӘҚТК-нің 668-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатады.

29. Соттар ӘҚТК-нің 669-бабы бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараған кезде соттың атқару құжаттарының түрлері «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңының 9-бабының 1-тармағының 1)-5), 12) тармақшаларында көрсетілгенін ескеруі тиіс. Борышкердің сот актісінің белгілі бір бөлігін не толық көлемде орындауға нақты мүмкіндігінің болмауы адамды осы бап бойынша жауаптылыққа тарту мүмкіндігін болдырмайды. Бұл ретте соттардың борышкер өзіне қатысты барлық шаралардың өз бетінше қабылдануына және сот актісі мен атқарушылық құжатты орындау бойынша оған жүктелген міндеттің барынша белсенді түрде орындалуына ықпал етуге міндетті екендігін негізге алғандары жөн. Сот орындаушысының қаулылары мен басқа да заңды талаптарын орындамау, атқару құжатын толығымен орындау туралы талапты қоспағанда, ӘҚТК-нің 670-бабы бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

ӘҚТК-нің 893-бабының бірінші бөлігіне сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам айыппұлды қаулы заңды күшіне енген күннен бастап отыз тәуліктен кешіктірмей төлеуі тиіс. Сот салған айыппұл осы мерзім аяқталғаннан кейін немесе ӘҚТК-нің 888-бабында көзделген кейінге қалдыру мерзімі өткен соң төленбеген жағдайда, мұндай адам мәжбүрлеп орындатуға қаулының болуына қарамастан ӘҚТК-нің 669-бабы бойынша жауапты болады.

30. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін ӘҚТК-нің 34-тарауы баптарының санкцияларымен әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу көзделмеген. Соттар мұндай әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша істерді шешкен кезде ӘҚТК-нің 822-бабының үшінші бөлігіне сәйкес заттай дәлелдемелердің тағдырын оларды тиісті мекемелерге беру немесе оларды жою жолымен шешуге тиіс.

31. Конституцияның 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының  
Төрағасы**



**Қ.Мәми**

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы**



**Қ.Шаухаров**